

Қазақстан Республикасында пульмонологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 993 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылды 22 қантарда № 12916 болып тіркелді

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабының 1-тармағының 6) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 1005 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 9) тармақшасына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында пульмонологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық қызметтерді стандарттау департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е у д і ;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күннің ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметті ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

және әлеуметтік даму министрі

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау
Т. Дүйсенова

Қазақстан
Денсаулық
әлеуметтік
2015
№ 993 бұйрығымен бекітілген

Республикасы
сақтау және
даму
жылғы
23

министрін
желтоқсандағы

Қазақстан Республикасында пульмонологиялық көмек көрсетуді үйымдастыру стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында пульмонологиялық көмек көрсетуді үйымдастыру стандарты (бұдан әрі - Стандарт) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 7-бабының, 1-тармағының 6) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 1005 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 9) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Осы Стандарттыныс алу ағзаларының аурулары бар пациенттерге амбулаториялық-емханалық, стационарлық және стационарды алмастыратын деңгейде медициналық көмек көрсетуді үйымдастыруға қойылатын талаптарды белгілейді.

3. Пульмонологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау үйимдарының штаттары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау үйимдарының үлгі штаттарының және штат нормативтеріне (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6173 болып тіркелген) сәйкес белгіленеді.

4. Осы Стандартта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) Емдеуге жатқызу бюросы порталы (бұдан әрі - Портал) - пациенттерді тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде стационарға жоспарлы емдеуге жатқызу жіберу жолдамадарын электрондық тіркеудің, есепке алудың, өндөу мен сақтаудың бірыңғай жүйесі;

2) өкпені оңалту - тәни және әлеуметтік бейімделуді оңтайландыру үшін әзірленетін, нутритивтік статусты түзетуді, тыныс алу бұлшық еттерін жаттықтыруды, тыныс алу жолдарының дренажды функциясын жақсартуды, созылмалы аурулардың базистік терапиясын таңдау мен түзетуді және олардың профилактикасын, респираторлық қолдауды қамтитын тыныс алу ағзаларының аурулары бар пациенттерге мұлтықтәртіптік көмек;

3) профилактика - аурулардың пайда болуының, олардың ерте сатыда өршүйнің алдын алуға және орын алған асқынуларды, ағзалар мен тіндердің бүлінүлерін

бақылауға бағытталған медициналық және медициналық емес іс-шаралар кешені;

4) пульмонология - тыныс алу ағзаларының патологиясын зерттейтін және оның профилактикасын, диагностикасын және емдеу әдістерін өзірлейтін ішкі аурулар бөлімі;

5) респираторлық медицина - аурудың этиологиясы мен патогенезіне қарамастан жіті және созылмалы тыныс алу жеткіліксіздігі бар науқастармен айналысадын д е н с а у л ы қ с а қ т а у б ө л і м і ;

6) респираторлық мектеп - оның мақсаты тыныс алу ағзаларының аурулары бар пациенттерге және оларды құтетін адамдарға оқыту бағдарламаларын жүргізу болып табылатын білім беру іс-шараларының кешені;

7) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі - ТМККК) - Қазақстан Республикасының азаматтарына және оралмандарға көрсетілетін медициналық қызметтер көрсетудің Кодекстің 6-бабының 7) тармақшасына сәйкес айқындастын тізбесі бойынша бірыңғай медициналық көмектің көлемі.

2. Қазақстан Республикасында пульмонологиялық көмек көрсететін ұйымдардың құрылымы, міндеттері мен функциялары

5. Меншік нысанына және ведомстволық тиістілігіне қарамастан халыққа (ересектер, балалар) пульмонологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға (бұдан әрі - МӨ), құрылымында оларға жүктелген функцияларға байланысты:

1) аудандық, қалалық емханаларда, консультациялық-диагностикалық орталықтардың құрамындағы пульмонологтың кабинеті;

2) қалалық, облыстық көпбейінді ауруханалар, республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымындағы (терапиялық және педиатрлық бейін) пульмонологиялық бөлімшелер ұйымдастырылады.

6. Пульмонолог кабинетінің және пульмонологиялық бөлімшениң негізгі міндеттері мен функциялары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2011 жылғы 14 сәуірдегі № 196 бүйрекшімен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6955 болып тіркелген) Пульмонологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қызметі туралы ережеде айқындалған.

7. Пульмонолог дәрігер лауазымына жоғары медициналық білімі, «Пульмонология» мамандығы (ересектер, балалар) бойынша сертификаты бар маман тағайындалады.

3. Қазақстан Республикасында пульмонологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру

8. Қазақстан Республикасында халыққа пульмонологиялық көмек «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2136 қаулысымен

бекітілген ТМККК шеңберінде көрсетіледі.

9. Пульмонологиялық көмекті көрсететін МӨ медициналық көмек көрсетудің барлық кезеңдерінде сабактастықты сақтай отырып, профилактикаға, ерте диагностикаға, пациенттерді емдеуге, медициналық оңалтуға бағытталған іс-шараларды орындауды қамтамасыз етеді.

10. Тыныс алу ағзаларының аурулары бар пациенттерге пульмонологиялық көмек көрсету (ересектерге және балаларға) мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

1) амбулаториялық-емханалық көмек, оның ішінде алғашқы медициналық-санитариялық көмек (бұдан әрі - МСАК) және консультациялық-диагностикалық көмек (бұдан әрі - КДК);

2) стационарлық көмек;

3) стационарды алмастыратын көмек;

4) қалпына келтіру емі және медициналық оңалту.

11. МСАК респираторлық патология профилактикасы, диагностикасы мен емдеу, медициналық оңалту, саламатты өмір салтын қалыптастыру бойынша қолжетімді медициналық қызметтердің кешенін көздейді.

12. Тыныс алу ағзаларының аурулары бар пациенттерге МСАК Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 281 бүйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11268 болып тіркелген) Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету қағидалары және Азаматтарды алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету ұйымдарына бекіту қағидаларына сәйкес көрсетіледі.

13. Тыныс алу ағзаларының аурулары бар пациенттерге МСАК:

1) медициналық және фельдешрлік-акушерлік пункттерде;

2) дәрігерлік амбулаторияда (отбасы денсаулығы орталығында);

3) ауылдық, аудандық, қалалық емханада көрсетіледі.

14. Тыныс алу ағзаларының аурулары бар пациенттерге МСАК-ты, стационарды алмастыратын көмекті «Терапия», «Педиатрия», «Жалпы дәрігерлік практика» мамандығы бойынша дәрігерлер көрсетеді.

15. Амбулаториялық емханалық деңгейде пульмонологиялық көмек көрсету:

1) тыныс алу ағзаларының ауруларын ерте анықтау, пациенттің жағдайын анықтау және диагноз қою мақсатында дәрігердің қарап-тексеруін;

2) бронх-өкпе патологиясын анықтау мақсатында азаматтарды зертханалық-аспалтық зерттеп-қарауды;

3) анықталған нозологияға және клиникалық хаттамаларға (бұдан әрі - КХ) сәйкес емді таңдау және тағайындауды;

4) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 761 бүйрығымен бекітілген (бұдан әрі - №

761 бұйрық) (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12204 болып тіркелген) Стационарлық көмек көрсету қағидаларына сәйкес Порталда жолдаманы тіркеу және пациенттің МӘ-ды еркін таңдау құқығы ескеріле отырып, жоспарлы емдеуге жатқызудың жоспарланған күнін анықтау арқылы МӘ-ға жоспарлы емдеуге жатқызуға іріктеу және жіберуді;

5) респираторлық аурулардың профилактикасына, халықтың барлық жас топтарында респираторлық аурулардан болатын сырқаттанушылықты, мүгедектік пен өлімді төмендетуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізуді;

6) диспансерлік бақылауды талап ететін тыныс алу ағзарапының әртүрлі аурулары бар пациенттерді есепке алу және диспансерлеуді;

7) бронх-өкпе патологиясы бар пациенттерге медициналық оқалту жүргізуді;

8) оның мақсаты пациенттер мен оларды қүтетін адамдар үшін оқыту іс-шараларын жүргізу болып табылатын «респираторлық мектептер» ұйымдастыруды;

9) ауыр тыныс алу ағзаларының аурулары бар пациенттерге үйде респираторлық қолдауды ұйымдастыруды (өкпенің инвазивті емес желдету, оттегі терапиясы);

10) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бастапқы медициналық құжаттамаларды ресімдеу және жүргізуді;

11) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 183 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10964 болып тіркелген) Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық парагы мен аныктама беру қағидаларына сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасын жүргізуді;

12) «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде амбулаториялық деңгейде белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар халықты тегін қамтамасыз ету үшін дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың және мамандандырылған емдік өнімдердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2011 жылғы 4 қарашадағы № 786 бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7306 болып тіркелген) респираторлық патологиясы бар пациенттерге дәрілік препараттарға, соның ішінде тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бойынша рецептер беруді қамтиды.

16. Тыныс алу ағзаларының аурулары бар пациенттерге КДК Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 28 шілдедегі № 626 бұйрығымен бекітілген

Консультациялық-диагностикалық көмек көрсету қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11958 болып тіркелген) жүзеге асырылады.

17. Пульмонологиялық аурулары бар пациенттерге КДК:

1) аудандық, қалалық емханада;

2) консультациялық-диагностикалық орталықта пульмонолог дәрігерлер көрсетеді.

18. Пульмонолог дәрігерлердің КДК деңгейінде пульмонологиялық көмек көрсету мүнадай қызмет түрлерін қамтиды:

1) тыныс алу ағзаларының аурулары бар пациенттерге профилактикалық, емдік-диагностикалық көмек көрсету;

2) жүргізілген амбулаториялық емдеу тиімсіз болған кезде тыныс алу ағзаларының аурулары бар пациенттерді жоспарлы және қажет болған жағдайда шұғыл емдеуге жатқызуға жіберу;

3) респираторлық патологиясы бар пациенттерге үйде стационар түрінде стационарды алмастыратын көмекті үйымдастыру;

4) медициналық көмек көрсеткен кезде аралас мамандардың (торакалды хирург, фтизиатр, онколог, психолог, аллерголог, иммунолог, генетик, диетолог, реабилитолог және басқа да аралас мамандар) консультациясын үйымдастыру (мультилабораториялық әдіс);

5) пациенттерді медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберу;

6) тыныс алу ағзаларының аурулары бар пациенттерге, соның ішінде торакалды хирургиялық араласуды бастан өткерген пациенттерге өкпені оңалтуды үйымдастыру;

7) пациенттер үшін «Респираторлық мектеп» үйымдастыру;

8) № 907 бұйрыққа сәйкес есеп құжаттамасын ресімдеу және жүргізу;

9) тыныс алу ағзаларының аурулары бар пациенттердің сырқаттанушылығына мониторинг және талдау жүргізу;

10) халық арасында саламатты өмір салтын насиҳаттау.

19. Пульмонолог дәрігердің кешенді функционалдық зерттең-қарау жүргізуіне:

1) пикфлоуметрия;

2) сыртқы тыныс алу функциясының диагностикасы (спирометрия, спирография);

3) бронхиалдық обструкцияның қайтымдылығын және бронх тармағының реактивтілік деңгейін анықтауға арналған бронхолитикалық және бронхтың өршуін анықтау тесттері;

4) өкпені шолу рентгенограммасы немесе кеуде қуысының флюорографиясы;

5) электрокардиограмма;

6) бронхологиялық зерттең-қарау;

7) аллергологиялық тесттен өткізу;

8) бодиплетизмография;

9) тыныс алу жолдарын эндоскопиялық зерттеу;

10) компьютерлік тестті қолданып темекі шегетін адамды көп жоспарлы

зерттеп-қарау, темекі шегетін адамның ішке тартқан ауасындағы улы газдың деңгейін анықтау;

11) жүктемені пайдаланып кешенді клиникалық-функциялық зерттеу нәтижелері бойынша тыныс алу жеткіліксіздігі деңгейін бағалау: 6 минуттық қадамдық тест, пульсоксиметрия, қандағы газдарды анықтау;

12) обструктивтік апноэ мен ұйқы кезіндегі тыныс алудың бұзылуын зерттеп-қарау;

13) ауырлық дәрежесін бағалау және бақылау бронх демікпесі, өкпенің созылмалы обструктивтік аурулары (бұдан әрі - ΘСОА) және басқа респираторлық аурулар жатады.

20. Пульмонолог дәрігердің амбулаториялық жағдайда әртүрлі емдік бағдарламаларды қолдана отырып кешенді емдеуді жүргізуі (пульмонолог кабинетінің, соның ішінде балалар дәрігері үшін):

1) базалық терапияны, асқынуларды емдеуді іріктеу мен бақылауды қоса алғанда бронх-өкпе ауруларын кешенді емдеу;

2) пациенттер үшін ингаляциялық препараттарды жеткізу тәсілдерінің оңтайлы әдісін, небулайзерлік терапия режимдерін және басқаны таңдау;

3) арнаиды иммунотерапия;

4) респираторлық инфекциялардың бактерияға қарсы оңтайлы терапиясы;

5) бронх-өкпе аурулары бар пациенттерге өкпе оңалтуы;

6) пульмонологтың байқауымен оттегі концентраттарын қолдана отырып, созылмалы тыныс алу жеткіліксіздігін үйде емдеу, өкпені қосалқы инвазивті емес жеде түрдегі;

7) темекі шегетін пациенттің кешенді терапиясы: алдын ала тесттен өткізу, пациенттің келісімімен толық зерттеп-қарауга жазу, пульмонологтың емдеуі және динамикалық байқауы;

8) семіздік синдромы кезінде обструктивтік ұйқы апноэсін емдеу гипожелдету, қорылдау, тұнгі апноэ (тыныс алу жолдарын тұрақты оңтайлы қысымды қалыптастыру әдісімен емдеу - СРАР-терапия);

9) операция алдындағы респираторлық дайындық және тыныс алу жеткіліксіздігі бар пациенттердің операциядан кейін ерте тыныс алу жолдарын оңалту қосылады.

21. Пульмонологиялық аурулары бар пациенттерге стационарлық көмек № 761 бұйрыққа сәйкес жүзеге асырылады.

22. Стационарға емдеуге жатқызуға көрсетілімдер тәулік бойы медициналық байқаумен жасалатын білікті, мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмектің қажеттілігі болып табылады.

23. Стационарлық деңгейдегі пульмонологиялық көмек:

1) тыныс алу ағзаларының аурулары бар пациенттерге шұғыл және жоспарлы білікті, мамандандырылған және жоғары мамандандырылған стационарлық көмек көрсетуді;

2) зерттеп-қараша нәтижелерін кейіннен түсіндіре отырып, КХ сәйкес зертханалық және аспаптық зерттеп-қарауды;

3) емдеуші дәрігердің бөлімше менгерушісімен бірлесіп КХ сәйкес ем таңдауды және тағайындауды;

4) пациенттерді күнделікті қарап-тексеру, бөлімше менгерушісінің қарап-тексеруіне қатысады;

5) пациенттерге бейінді мамандардың (көрсетілімдер болған жағдайда) консультациясын, консилиумдар үйымдастыруды;

6) № 907 бұйрығына сәйкес медициналық құжаттаманы дұрыс ресімдеу және жүргізууді;

7) тыныс алу ағзалары ауруларының диагностикасын, емдеудің жаңа әдістерін енгізууді;

8) пациенттердің функциялық респираторлық статусын бағалауды (пикфлоуметрия, спирометрия, пульсоксиметрия, қандағы газдың құрамын талдау, 6 минуттық қадамдық тест және басқа);

9) небулайзерлік терапия жүргізу (көрсетілімдер бойынша) және тыныс алу жеткіліксіздігін түзетуді (оттегі терапиясы және өкпені инвазивті емес желдету);

10) бөлімше жұмысының және көрсетілетін медициналық көмектің тиімділігін талдау, медициналық көмек көрсету сапасын арттыру және ауруханалық өлімді төмендешу жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді және жүргізууді көздейді.

24. Пульмонологиямен ауыратын пациенттерге стационарды алмастыратын көмек, әсіресе үйдегі стационарлық көмек Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 17 тамыздағы № 669 бұйрығымен бекітілген Стационарды алмастыратын көмек көрсету қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12106 болып тіркелген) жүзеге асырылады.

25. Тыныс алу ағзаларының аурулары бар пациенттерге көрсетілетін МСАК, мамандандырылған, жоғары мамандандырылған медициналық көмектің көлемдері анағұрлым дәлелденген тиімділігі бар профилактикалық, диагностикалық және емдік іс-шаралардың негізінде медициналық көрсетілімдер бойынша белгіленеді.

26. Пациенттерге жедел медициналық көмек Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 269 бұйрығымен бекітілген Жедел медициналық көмек көрсету және санитариялық авиация нысанында медициналық көмек ұсыну қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11263 болып тіркелген) жүзеге асырылады.

27. Қалпына келтіру емі мен медициналық оңалту Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 98 бұйрығымен бекітілген Қалпына келтіру емі және медициналық оңалту, оның ішінде

балаларды медициналық оңалту қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10678 болып тіркелген) тыныс алу ағзаларының аурулары бар пациенттерге көмек көрсететін денсаулық сақтау үйымдарында, сондай-ақ мамандандырылған медициналық және санаторийлік-курорттық үйымдарда пульмонологтар, реабилитологтар көрсетеді.

28. Мамандандырылған медициналық көмекті бейінді мамандар көрсетеді және өзіне арнайы әдістер мен қурделі медициналық технологияларды, медициналық оңалтуды пайдалануды талап ететін аурулармен жай-күйлердің профилактикасын, диагностикасын, емдеуді қамтиды.

29. Шұғыл жағдайларда тыныс алу ағзаларының аурулары бар пациенттер тиісті стационарға МӘ-ның жедел медициналық жәрдем станциясының (бөлімшелер) санитариялық автокөлігі мен санитариялық авиациямен медицина қызметкері жеткізеді немесе өз бетінше жүргінеді. Ерекше жағдайларда пациенттерді стационарға ішкі істер органының қызметкерлері немесе азаматтар жеткізеді.

30. Жоғары мамандандырылған медициналық көмекті бейінді мамандар стационарлық жағдайда ғана көрсетеді және өзіне инновациялық, аз инвазивті, арнайы әдістерді және қурделі медициналық технологияларды пайдалануды медициналық оңалтуды талап ететін аурулармен және жай-күйлердің профилактикасын, диагностикасын, емдеуді қамтиды.

31. Республикалық денсаулық сақтау үйымдарында пульмонологиялық көмек:

1) тыныс алу ағзаларының аурулары бар пациенттерге консультативтік-диагностикалық, емдік, оңалту көмегін көрсетуді;

2) тыныс алу ағзаларының аурулары бар пациенттерге мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетуді;

3) дәлелді медицинаға негізделген тыныс алу ағзалары ауруларының диагностикасы, емдеу, профилактика және оңалтудың заманауи әдістерін практикаға енгізуіді;

4) диагностикалық және емдік мақсатта пульмонологиялық науқастарға торакалды хирургиялық көмек жүргізуіді;

5) медициналық үйымдарды және пульмонологиялық көмек көрсетуді үйымдастыру мәселелері жөніндегі мамандарды үйымдастыру-әдістемелік көмекпен қамтамасыз етуді ;

6) бронх-өкпе патологиясы бар пациенттерге арналған оқыту бағдарламаларын («респираторлық мектептер») енгізуіді;

7) пульмонологиялық қызметті дамыту бойынша стратегиялар мен нормативтік құқықтық базаларды әзірлеуге қатысады;

8) ғылыми-зерттеу жобаларын әзірлеу және оған қатысады;

9) тыныс алу ағзалары ауруларының эпидемиологиясы, олардың құрылымы, жас шамасының критерийлері, қосалқы патология бойынша талдау жүргізуіді;

10) пульмонологиялық бейіндегі медициналық көмектің барлық түрлерін көрсететін

медициналық үйымдардың қызметін талдауды;
11) бронх-өкпе аурулары бойынша тіркелімдерді жасау және оны енгізу;
12) республиканың пульмонологиялық қызметін үйлестіруді қамтиды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК